

**Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Т.О.Орынбаев атындағы  
гипербариялық оксигенация орталығы» мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорны**  
**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілген  
ішкі талдаудың**  
**ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМАСЫ**

**Шымкент қаласы  
қыркүйек**

**2023 жылғы 11**

**Ішкі талдау жүргізу объектісінің толық атауы:**  
ШЖҚ «Т.О.Орынбаев атындағы гипербариялық оксигенация орталығы»  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

**Ішкі талдау жүргізудің негіздері:**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары және ШЖҚ «Т.О.Орынбаев атындағы гипербариялық оксигенация орталығы» МКК 2023 жылғы бас дәрігерінің 11 қыркүйектегі №135-А-н/қ бұйрығы негізінде аурухана қызметіндегі ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу мерзімі: 11.09.2023 жыл- 11.10.2023 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың қамтитын кезең: 01.01.2023 жыл- 11.09.2023 жыл.

Жұмыс тобының төрағасы: Насырбаева А. А. - комплаенс офицері

Жұмыс тобының (комиссияның) дербес құрамы:

1. Реметов С. А. - бас дәрігердің орынбасары
2. Акмалов Д. А. – бас есепшінің у.м.а
3. Пирназарова Ж.К. – бас медбике
4. Туребаева З. А. – кадр инспекторы

### **1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау**

- Персоналды басқару бойынша ешқандай сыбайластық анықталмады. Сонымен қатар, ауруханада сыбайластық бойынша ешқандай қызметтік тексеру болған жоқ.

### **2. Мүдделер қақтығысын реттеу**

- ШЖҚ "Т.О.Орынбаев атындағы гипербариялық оксигенация орталығы" МКК жедел жәрдем қызметін тексеру барысында, жедел-жәрдем қызметінің кестесін құру барысында мүдделер қақтығысы анықталмады.

### **3. Мемлекеттік қызметтер көрсету**

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Денсаулық сақтау басқармасына жіберілген хатына сәйкес, Т.О.Орынбаев ауруханасы қарасты аурухана тазалықшы қызметкері жағдайының нашарлауына байланысты қабылдау бөлімінде паллиативті көмек көрсету бөлімшесінің меңгерушісі невролог дәрігер көріп, әкімшілік квотамен паллиативті көмек көрсету бөлімшесіне ауру тарихын ашқан. Алайда науқасқа әкімшілік квотамен ауру тарихы ашылғаны жайлы ешкімге ескертпеген, науқас еңбекке жарамсыздық парағы керек емес деп еңбекке жарамсыздық қағазы ашылмаған. Науқас әрі, аурухана тазалықшысы ем алушы дәрігеріне өзін ақысыз еңбек демалысындамын деп жалған сөйлеген. Ары қарай, 26.01.2023-07.02.2023 жылдар аралығында ем қабылдаған науқас әрі, аурухана тазалықшысы ем қабылдап жүргеніне қарамастан жергілікті емханасына қаралып, 02.02.2023-12.02.2023 жыл аралығында еңбекке жарамсыздық парағын аштырған ;

**Көрілген шаралар:**Паллиативтік медициналық көмек бөлімшесінің невропатолог дәрігеріне қатаң сөгіс берілді. Негіздеме: Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасарының 2023 жылғы 23 маусымдағы мәлімдеме хаты және невропатолог дәрігердің түсініктеме жазбасы., және күйік бөлімшесінің тазалықшысын 2023 жылғы 26 маусымнан бастап ҚР еңбек кодексінің 49-бабының 5 тармағына сәйкес бұзылды..

- осындай жағдайлар қайталасбас үшін аурухана қызметкерлері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

### **4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру**

- аурухана қызметінде рұқсат беру функцияларын асыру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады, арыз-шағым түскен жоқ.

#### **5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру**

- Шымкент қаласының Денсаулық сақтау басқармасының №38/-06-01/3404 хатына сәйкес сарапшының қорытынды беру, қызметкердің біліктілігі мен объективтілігі қаралу ұсынысы берілді. Ұсыныс негізінде сарапшыдан өтінім берілген медициналық техникасы бойынша қорытынды сұралды. Аурухана өтінім берілген медициналық техникасы бойынша талаптарға сәйкес екендігін сарапшы мәлімдеді, сарапшы тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады.

#### **6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу**

- аурухана қызметінде бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталмады, арыз-шағым түскен жоқ.

#### **7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу**

- Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары анықталмады.

#### **8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану**

- Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары анықталмады.

#### **9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер**

- Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары анықталмады.

#### **10. Арыз-шағымдар бойынша:**

2023 жылдың 5 маусым айынан 2023 жылдың 18 қазан аралығында Е-өтініш порталы арқылы 4 өтініш түскен. Өтініштерді қарау барысында жемқорлыққа қатысты тәуекелдер анықталмады.

- 1) 5 маусым 2023 жылы түскен өтініш –Т.О.Орынбаев ауруханасына қарасты адвокаттық сұраныс қайтыс болған науқасқа қандай диагноз қойылған және қойылған диагноздың құжаттардың берілуі бойынша сұрау салған;
- 2) 12 шілде 2023 жылы – өтініш беруші жеке кәсіпкер жасалынған қызметі үшін төлемдерді өтеу бойынша өтініш қалдырған;
- 3) 14 тамыз 2023 жылы – Т.О.Орынбаев ауруханасына адвокаттық сұраныс науқастың толық диагнозына сұрау салу туралы өтініш қалдырған;

- 4) 10 қазан 2023 жылы- өтініш беруші Т.О.Орынбаев ауруханасының токсикология бөліміндегі науқасқа жасалынған қызметтің ақысын өтеу бойынша өтініш түскен.

Жұмыс тобының

төрағасы: Насырбаева А. А. - комплаенс офицері



Жұмыс тобының (комиссияның) дербес құрамы:

1. Реметов С. А. - бас дәрігердің орынбасары

2. Акмалов Д. А. – бас есепшінің у.м.а

3. Пирназарова Ж.К. – бас медбике

4. Туребаева З. А. – кадр инспекторы

